

**Маңғыстау ауданы әкімдігінің 19 ақпан 2019 жылғы № 84 "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 346 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 қыркүйекте № 3995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 84 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3824 болып тіркелген, 2019 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бөлім басшысы С. Қалиева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Кушмаганбетов*

Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 346 қаулысына қосымша  
Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 19 ақпандағы  
№ 84 қаулысына қосымша

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

--	--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері (теңге)			
	Бала бақша (мемлекеттік)	Бала бақша (жеке меншік)	Мектеп жаңындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жеке меншік)	Мектеп жаңындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жеке меншік)	Мектеп жаңындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық
1-ден 4-ке дейінгі топтар	1040	606	26	32	35200	35200	29518	35200	12544	12544	12544	12544
5-тен 7-ге дейінгі топтар	530				30150				12544			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК